

## "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 680 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қаңтарда № 5309 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 835 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 24.06.2016 № 835 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

3. Қаулының орындалуын бақылау Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Т. Жағыпбаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Сәрсенбаев*

Шиелі ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "15" желтоқсандағы  
№ 680 қаулысымен бекітілген

## "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ауданның экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Шиелі ауданының

әкімдігі болып табылады.

3. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомствосы жоқ.

4. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрімен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

6. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

8. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

9. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

10. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 120700, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, № 6 А ғимарат.

"Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс кестесі: сенбі, жексенбі және , заңнама актілерімен белгіленген басқа демалыс және мереке күндерінен бөлек, күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін (сағат 13.00-ден 15.00-ге дейін үзіліс).

11. Мемлекеттік органның толық атауы - "Шиелі аудандық экономика және

бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады.

14. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілермен "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

15. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Шиелі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мақсаттарын іске асыру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге негізделген мемлекеттік жоспарлаудың тиімді және бір тұтас жүйесін қалыптастыру үшін экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында қызметтер атқару. Инвестициялық, сыртқы экономикалық, өнеркәсіптік,

аймақтық, сауда және әлеуметтік қызмет салаларында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу.

16. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) Шиелі ауданының экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында функцияларды жүзеге асыру;

2) Шиелі аудандық бюджет комиссиясының жұмысшы органы бола отырып, аудандық бюджет комиссиясы айқындайтын мерзімдер мен күн тәртібіне сәйкес бюджеттік комиссияның отырыстарына материалдар дайындау;

3) облыстық бюджет комиссиясының қарауына бюджеттік инвестициялар бойынша қорытындылар қалыптастыру және жолдау, инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастыру;

- 4) Шиелі ауданы әкімінің іс-қимыл бағдарламасын, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және олардың орындалуын бақылау;
- 5) аймақтың даму бағдарламасын тиісті мерзімге әзірлеу, бағдарламаның іс-шара жоспарын дайындау және мониторинг жасау;
- 6) инвестициялық саясатты стратегиясын әзірлеу және оны іске асыру;
- 7) әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттарын және басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысу;
- 8) ақша, несие және салық-қаржы саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын жоспарлау мен қалыптастыруға қатысу;
- 9) аудан әкімінің тапсырмасы бойынша бағдарламаларды әзірлеу;
- 10) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

17. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары:

- 1) ауданның тиісті қаржы жылына арналған бюджеті туралы аудан мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулы қабылдайды;
- 2) ауданды дамыту бағдарламасын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне ұсынады, оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) жыл сайын бес жылға арналған ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;
- 4) әлеуметтік-экономикалық даму болжамының, Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының негізінде бес жылға арналған аумақты дамыту бағдарламасын әзірлеу;
- 5) үш жылға арналған аудандық бюджет және аудандар мен облыстық бюджеті арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы аудандық мәслихаттың шешімінің жобасын әзірлеу;
- 6) аудандық бюджет комиссиясының жұмыс органы функциясын іске асыру;
- 7) әлеуметтік – экономикалық даму болжамын ескере отырып аудандық бюджетке түсетін түсімдерді болжауды жүзеге асыру;
- 8) аудан бюджетінің жобасының түпкілікті нұсқасын жасайды және оны аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;
- 9) аудандық бюджет комиссиясының аудан бюджетінің жобасы бойынша ұсыныстары негізінде аудан бюджетінің жобасын әзірлейді және оны аудан әкімдігінің қарауына ұсыну;
- 10) аудандық бюджет туралы аудандық мәслихат шешімін іске асыру туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу;

18. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

- 1) Құқықтары:

әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар е н г і з у г е ;

аудан бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарларын және аудан әкімінің іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруына бақылау жасауға ;

мемлекеттік мекемелерден меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындар мен ұйымдар өз құзырына кіретін мәселелер бойынша белгіленген мерзімде ақпарат сұратуға және алуға ;

аудан бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерден жылдық қаржыландыру жоспарларының атқарылуы туралы ай сайынғы есептерді алуға ;

құпиялық режимінің, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, жергілікті бюджеттің атқару мәселелеріне қатысты құжаттамамен кедергісіз танысуға құқылы.

2 ) М і н д е т т е р і :

жеке және заңды тұлғалардың жолдаған өтініштерін қарауға олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге ;

жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды ұйымдастыруға ;

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға ;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге ;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

19. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты " Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

21. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) бөлім басшысының орынбасарының, сектор меңгерушілері мен бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігін белгілейді.

2) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған бөлімнің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен бөлімнің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды оның құзыретіне жатқызылған еңбек қатынастары мәселелерін шешеді;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда бөлімді білдіреді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

6) бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

7) ш а р т т а р ж а с а с а д ы ;

8) с е н і м х а т т а р б е р е д і ;

9) өз қызметін ұйымдастыру және оның ішкі тәртібі мәселелері бойынша р е г л а м е н т қ а б ы л д а й д ы .

10) бөлімдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шаралар қабылдайды. Және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша д е р б е с ж а у а п т ы б о л а д ы .

11) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады

12) Қазақстан республикасының қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға о р ы н д а й д ы .

22. Заңды тұлға мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, (жергілікті атқарушы органның) заңды тұлға мен тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның), заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

## **Мемлекеттік органның мүлкі**

23. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі, сондай-ақөз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік, (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен

қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

24. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіге бекітілген мүлік аудандық коммуналдық м е н ш і к к е ж а т а д ы .

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

26. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген мүліктердің сақталуын және тиімді пайдалануын бақылауды жүзеге асырады.

"Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлікті Шиелі ауданының әкімдігі қайтарып алуға немесе өзі құрған заңды тұлғалар арасында, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде басқа да түрлері белгіленбесе, өз қалауы бойынша қайта бөлуге құқылы.

#### **4. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

27. "Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.